

УДК 327.8

## ҮНДІ-ҚЫТАЙ ҚАҚТЫҒЫСЫ (2020)

**Измайлова Алсу Мансуровна**

[alizmailova20@gmail.com](mailto:alizmailova20@gmail.com)

Халықаралық қатынастар факультетінің «Халықаралық қатынастар»

кафедрасының 2 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

Тарихқа үнілетін болсақ, халықаралық аренада екі үлкен державалар арасында әртүрлі келіспеушіліктер мен соғыстар немесе қақтығыстар орын алған болаытын. Қазіргі заманда да мұндай қақтығыстар аз емес. Солардың біріне Үнді-Қытай қақтығысын жатқызуға болады.

Негізінен бұдан бұрынғы шекаралық қақтығыстарды қосқанда, Қытай-Үндістан арасында 4 рет шекаралық қақтығыс орын алған. Олар: 1962 жылғы Ақсай өңірінде болған қақтығыс; 1967 жылы болған Тибет шекарасындағы жанжал; 1986; 1987 жылы болған шекаралық дау және 2020 жылы мамыр айында Ақсайчин даулы аймаққа байланысты. Статистикаға сүйенетін болсақ, бұлардың арасында ең көлемдісі 1962 жылы болған Ақсай өңірінде болған қақтығыс. Бұл кездегі қақтығыс Үндістандағы ұлтшылдардың белсенділігімен өрши түскен. Соғыста Үндістан ұлтшылдары алғашқы жеңісті де қабыл алмай, Тибет шекарасынан Қытайға басып кіруді талап еткен. 22 күнге жалғасқан бұл ұрыстан кейін Қытай армиясы иеленіп болған Ақсай өңірін тастап, артқа қарай 20 шақырымға дейін шегініп кетуге мәжбүр болады. Соғыстан Үндістанның 3 мың адамы қаза тапқан немесе жоғалған. 3968 адамы қолға түскен және мыңнан артық адамы жараланған. Ал, қытайдан 722 адам қаза тауып, 1697 адамы жарақат алғаны туралы мәліметтер бар. Осы қақтығыстан кейін екі ел арасында салқындық орнап, бұл салқындық 40 жылдан кейін ғана жадырай бастады. Үндістан тарабы Тибеттің Қытайдың бір бөлегі екенін 2003 жылы ғана мойындаған. 2006 жылы таластағы шекаралар келісімін жасасты. Алайда, Үндістан таластағы көптеген өңірлерге миллиондап

Үндістан азаматтарын көшіріп қоныстандырған. Сонымен бірге таластағы өңірлерге Үндістан қарулы күштері мен ауыр соғыс құралдарын орналастырған. Қатысты деректерге қарағанда Үндістан мен Қытай шекарасындағы үнді әскерлері қытайлардан 3 есеге көп. Маусым айындағы шекаралық жанжал екі ел арасындағы 4-ші реткі қақтығыс болып саналады. Қытай Қорғаныс және Сыртқы істер министрліктері Үндістанға қайта-қайта ескерту жасады. Алайда, Үндістан үкіметі де өз ескертулерін жарыса жолдап жатыр.

Субъект:	Сюжет:	Объект:	Оқиға мерзімі:
Үндістан	Физикалық.	Шекараны күзету кезінде Ладах аймағында қарулы қақтығыс болды. Содан бері екі жақ өзен аңғарын басып алу үшін агрессивті түрде қосымша әскерлер жібере бастады.	5 мамыр 2020ж.
Қытай.	Физикалық.	Қытай бұл аймақты өз аумағы деп жариялады және халық-азаттық армиясының жүздеген сарбаздарын орналастырды. Үндістан Галван алқабына қосымша әскерлер жіберді.	20 мамыр 2020ж.
Қытай.	Физикалық.	Қытай Үндістанды шекарадан өтті деп айыптады. Осыған байланысты Гальван алқабында от ашу туралы шешім қабылданды.	16 маусым 2020ж.
Үндістан.	Вербалды.	Үндістан Қытайды шекарада "арандатушылық қозғалыстар" жасады деп айыптады. Нью-Дели Пекин аумақтық дауды шешу жөніндегі келіссөздерді тоқтатуға тырысады деп сенімді. Қытайдың әскери іс-қимыл театрының Батыс қолбасшылығының ресми өкілі Қытай-Үндістан шекарасындағы жағдайға түсініктеме берді: Үндістан іргелес аумақтар бойынша қол жеткізілген келісімдерді бұзды, өйткені оның әскерлері шекара сызығын заңсыз кесіп өтіп, аймақтағы шиеленісті тудырды	30-31 тамыз 2020ж.

Қақтығыстан кейін көп ұзамай Үндістан Қытайдың 59 қосымшасына, соның ішінде танымал ТікТок әлеуметтік желісіне Ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қауіп төндіруде деген сылтаумен тыйым салды. Кейінірек Үндістан тыйым салынған тізімге тағы 47 Қытай қосымшасын енгізді. көпшіліктің қысымымен Үндістанның жоғары крикет лигасы қытайлық смартфон өндіруші Vivo компаниясымен келісімшартты бұзды. Қытайға қарсы пікірлер аясында Үнді нарығында қытай смартфондарын сату үлесі 2020 жылдың екінші тоқсанында 81% - дан 72% - ға дейін төмендеді.

Үнді-қытай қақтығысының басты себептері:

- Тарихи оқиғалар - (Бұрынғы британдық Үндістан мен Тибет арасындағы шекараны белгілеу мәселесінің шешілмеуі).
- Этникалық топтар - (үнділер мен қытайлықтар арасындағы қақтығыстар).

- Аумақтық - (жанжал Ақсай-Чиннің Қытайдың қолына өтуінен басталды ).

Үндістан:

Үндістан Ақсай-Чин аумағын өз территориясына қосуды қалайды.

Қытай:

Қытай Үндістанның талаптарын елемей, бұл аумақты өзінің аумағы деп санайды. Және Қытай ешқашан өзінің тіпті кішкене аумағын басқа мемлекеттің жаулап алуына мүмкіндік бермейді деп мәлімдейді.

Үнді-Қытай қақтығысы.

-халықаралық ұйымдар шеңберінде әрекеттесу.

-халықаралық ұйымдар және келісімдер.

-қайшылықтар.

-қару-жарақсаудасы, әскерикөмек.

-үкіметтік емес акторлар.

- өз мүддесіне сәйкес әрекеттесу.

- келісімдер және шарттар негізінде әрекеттесу.

-мемлекеттер.

Аналитикалық бөлімі:

Анализ барысында мемлекеттердің арасындағы конфликтінің шешуіндегі қатынастар мен әрекеттер осы критерийлер бойынша бөлінеді:

1- халықаралық ұйымдар шеңберінде әрекеттесу.

2 - қайшылықтар.

3- қару-жарақ саудасы, әскери көмек.

4- өз мүддесіне сәйкес әрекеттесу.

5- келісімдер және шарттар негізінде әрекеттесу.

*Бірінші критерий* бойынша келесі қатынастарды белгілеуге болады:

- БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы)- АҚШ, Ресей, Қытай, Ауғаныстан, Пәкістан, Непал, Жапония.
- БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі- АҚШ, Ресей.
- БРИКС- Үндістан, Ресей, Қытай.
- QSD- АҚШ, Жапония, Үндістан.

БҰҰ кіретін мемлекеттер көп мәрте осы екі мемлекетті татуластырмақ еді. Әрине, алдыңғы қақтығыстардан кейін Үндістан мен Қытай татуласып, және сауда жағынан серіктестер болды. Оған қоса Үндістан Қытайдың ең үлкен басты серіктесі болған еді. Алайда, қазіргі кезде керіден екеуінің арасында шекара қақтығыстар болуда. Бұл қақтығыста БҰҰ мүшесінің бірі Ресей екі тараты татуластыру мақсатында барынша күшін жұмсауда. Себебі, Қытайда Үндістанда Ресейдің жақсы серіктестері. Ал, АҚШ болса керісінше іс-әрекеттер жасауда.

Екінші критерий бойынша қақтығыстар:

- Үндістан мен Қытай арасындағы шекара қақтығыстар.
- Пәкістан мен Үндістан арасындағы қайшылықтар.

Үшінші критерий бойынша қару- жарақ саудасы және әскери көмек:

- Ресей Үндістанды қару-жарақпен қамтамасыз етуде.
- Вьетнам Үндістанды қару-жарақпен қамтамасыз етуде.
- Ауғаныстан, Непал, Пәкістан Қытайды қару-жарақпен және әскери көмекпен қамтамасыз етуде.

Төртінші критерий:

Ресей:

Ресей үшін бұл қарама-қайшылық екі жақты мәнге ие. Бір жағынан, Қытаймен қарым-қатынас Ресей үшін кез-келген тұрғыдан өте маңызды. Екінші жағынан, Қытайдың қарсы салмағы болуы керек және ол тым көп күш жинамауы керек. Осылайша, Қытай АҚШ – ты олардың агрессивтілігімен ішінара теңестіре алса, ал Үндістан Қытайды теңестіре алады.

АҚШ:

АҚШ бұл конфликте Үндістанды қолдауда. Шын мәнінде, американдықтар Үндістан мен Қытай бір-бірімен қақтығысуын қалайды. Себебі, Үндістан американдықтар Қытайды өз бақылауында ұстау стратегиясында тиімді, басты пешкасы болар еді.

Вьетнам:

Жалпы алғанда, Вьетнамның Қытайға қатысты саясатын келесідей сипаттауға болады: тікелей қақтығыстан аулақ болу, тіпті жеңілдіктерге бару, бірақ қолайлы жағдай туғанда Қытайдан кек алу. Вьетнамдықтар егер Қытаймен соғыс болса, Қытай оларды құртатынын түсінеді. Сол себепті, Вьетнам Қытайдың жауларына көмектесу арқылы бұл елді әлсіретпек. Сол үшін Вьетнам Үндістанның жағына шықты.

Бесінші критерий:

«Бір белдеу, бір жол» атты жоспар негізінде Қытай, Пәкістан, Непал және Ауғаныстан мемлекеттері бір-бірімен әрекеттесуде.

Гималайдағы қақтығыс кезінде Пекин Делидегі дипломатиялық қысымды күшейтіп, оның үнді субконтинентіне әсерін төмендетуге тырысады. Бұл мақсат аясында Қытай, Пәкістан, Непал және Ауғанстан СІМ басшыларының бейнеконференциясы болды. Оның басшысы ҚХР Сыртқы істер министрі Ван И Делиде бұл іс-шараны Үндістанның көршілерімен қарым-қатынасын қиындатуға бағытталған маневр ретінде қабылдады. Ресми түрде конференцияның басты тақырыбы пандемияға қарсы тұру болды. Бірақ оның қатысушылары Үндістан үшін ең ауыр тақырыптарды көтере бастады. Соның нәтижесінде бұл конференция Қытай мен Үндістан арасындағы келіссөздер даулы шекара бойында өз әскерлерінің бөлінуіне әкелген жоқ. Осыдан кейін 22-23 маусымда Мәскеуде Қытаймен Үндістанның арасында тағы бір келіссөз өткен еді. Осы келіссөзге тоқтала кетсек.

Қытай Үндістанмен Ресей астанасында өткізген келіссөздердің нәтижелерін бірінші болып ашты. СІМ өкілі Чжао Лицян сәрсенбіде екі елдің қорғаныс министрлері 22-23 маусымда Мәскеуде кездескенін, онда олар Жеңіс шеруіне қатысу үшін келгенін айтты. ТАСС келтірген дипломаттың айтуынша, Вэй Фэнхэ (ҚХР) және Раджнат Сингх (Үндістан) "қақтығыстың ушығуын болдырмауға, аймақтағы бейбітшілікті сақтау мақсатында ықпал етуге" келісті.

Сонымен қатар, Чжао Үндістанға 16 маусымда Гималайда басталған Үнді-Қытай қақтығысы үшін кінәлі екенін білдірді. СІМ өкілінің айтуынша, үндістер мамыр айының басында "түнде, қараңғылықтың астында Қытай аумағына басып кірді". Нәтижесінде Қытай әскери күштері жауап қайтаруға мәжбүр болды.

Дели, өз кезегінде, Мәскеу келіссөздерінің нәтижелеріне әлі түсініктеме берген жоқ. Бұған дейін Wall Street Journal газетімен сұхбаттасқан сарапшылар Ладахтағы оқиғалар Делиді АҚШ-пен әскери ынтымақтастықты кеңейтуге итермелеуі мүмкін деп болжаған еді. Бірақ әзірге Дели, керісінше, Ресеймен ынтымақтастықты кеңейтуге деген ұмтылысты көрсетуде. Бұған дейін ТАСС Сингх өзінің ресейлік әріптесі Сергей Шойгудан С-400 "Триумф" зениттік жүйелерін жеткізуді тездетуді сұрағаны туралы бейресми мәліметтерді берген болатын.

Қорытындылай кетсек, Қытай мен Үндістан өз құқықтарын осы кезге дейін дәлелдеуде. Екі мемлекетте Ақсай-Чин аумағы өз аумақтарына кіретіндігіне нық сенімді болып отыр. Сол үшінде жанжал өз шешімін осы күнге дейін тапқан жоқ. Бұл шекаралық дау екі елдің жоғары дәрежелі келіссөзінен кейін шешім таппаса, шекаралық соғыстың туылуы бек мүмкін. Ал, соғыстың болуы бүкіл халықаралық аренадағы мемлекеттерге көптеген қиыншылықтарға

алып келуі мүмкін. Себебі, Қытай мен Үндістан екі үлкен ядролық держава. Ал, ядролық қару бәріміз білетіндей өте қауіпті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://vz.ru/world/2020/4/17/1034846.html>
2. <https://gorchakovfund.ru/news/view/indo-kitayskiy-pogranichnyy-konflikt-kak-stimul-dlya-razmyshleniy-o-sovremennom-sostoyanii-mirovoy-p/>
3. <https://eodaily.com/ru/news/2020/08/03/pogranichnyy-konflikt-indiya-nastaivaet-na-otvode-voysk-kitaya-iz-ladakha>
4. <https://www.wsws.org/ru/articles/2020/06/24/russ-j24.html>